

ҚАЗЫНА



Жөкей
Шаңғытбайұлы



Дастандар



Ел-шежіре



“Қазына” - Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты ректоратының әдеби мұра жобасы.

Жоба жетекшісі - экономика ғылымдарының докторы, профессор Ғалымжан Нұрышев



Қазына



❖
**Жөкей
Шаңғытбайұлы**

❖
Дастандар

АЛМАТЫ 2007

ББК 83.3 (5 Каз)
Ш 24

**Баспаға Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының
ғылыми Кеңесі ұсынған**

Жинақты құрастырып, текстологиясын қарап, баспаға дайындаған—
филология ғылымдарының кандидаты
Жұбаназар АСАНОВ

Пікір білдіргендер: Р. Бердібай — Қазақстан Республикасы Ұлттық
Ғылым академиясының академигі, Қ. А. Яссауи атындағы халықара-
лық қазақ-түрік университеті;

Р. Нұрғали—Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының
академигі, Л. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті;

Шаңғытбайұлы Жөкей.
Ш 24 Дастандар. / Құраст. Ж. Асанов.—Алматы /, “Ел-шежіре” баспасы,
2007. —288 бет.

ISBN 9965-9997-3-2

Бұл жинаққа кезінде белгілі ғалымдар М.Фабдуллин мен
Ә.Қоныратбаевтар назар аударып, жылы лепес білдірсе де Совет үкіметі
тұсында қазақ совет әдебиеті тарихынан өз орнын ала алмаған Ақтөбе
өңірінің атақты эпик ақыны Жөкей Шаңғытбайұлының (1901-1970) қолда
бар дастандары еніп отыр. Арқауы халық әдебиетінің озық үлгілері
болғандықтан Жөкей дастандарының да өмірі мәңгілік. Жинақ қазақ
әдебиеті тарихы саласындағы ізденушілерге, студенттер мен орта мектеп
оқушыларына арналған.

4603020000
Ш —————
00(05)— 07

ББК 83.3 (5 Каз)

ISBN 9965-9997-3-2

© Шаңғытбайұлы. Ж, 2007
© “Ел-шежіре”, 2007

Кіріспе

XIX-XX ғасырдың басында Ақтөбе өңірінде туған халық әдебиеті үлгілерін жинау, бастыру, зерттеу ісі осы уақытқа дейін қолға алынбаған. Сондықтан біз Мемлекеттік және Ақтөбе облыстық “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында бұл олқылықтың орнын толтыру шарасын 2005 жылдан бастап жүзеге асыра бастадық. Мұның алдындағы бірінші томда

Н. Байғаниннің шығармалары түпнұсқасы бойынша қайыра басылса, екінші томда тәуелсіздік жыршысы Сарышолақ Боранбайұлының туындылары алғаш рет республика жұртшылығына кітап түрінде жария етілді. Екі кітапты да қалың оқырман жылы қабылдады. Әр жерден келген хаттар мен жеделхаттар соның айғағы. Осы томда дастандары ұсынылып отырған Жөкей Шаңғытбайұлы—ілгерідегі эпикалық дәстүрді көрген және оны игерген ақын. “Құл мен қыз” деп аталатын дастаны 1964 жылы Алматыдан профессор Мәлік Ғабдуллиннің басшылығымен шыққан “Батырлар жырына” енген. Мақталған.

Әйтсе де, ақынның көзі тірісінде басқа дастандарына жол ашылмаған. Себебі ол дастандарына арқау болған оқиғалар Совет үкіметінің саясатына қайшы келген. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де Жөкей шығармаларын жинау, сақтау ісіне мән берілмегендіктен оның “Кілем жайған”, “Бөкенбай батыр”, “Кене хан” т.б. дастандары жоғалып кеткен. Оларды іздеу, жарияға алып шығу ісі алдағы күн еншісінде. Біз Жөкейдің бұл жинағына үлкен еңбекпен, қаншама қиындықтармен қолға түскен, текстологиялық сүзгіден өткен, барынша қателерінен арытылған, тарихи негіздері тексерілген туындыларын енгізіп отырмыз. Сондай-ақ оның шығармашылық өмірбаяны туралы да біршама мәліметтер алғаш рет жүйелі түрде беріліп отыр. Қазақстанның Батыс аймағындағы эпик ақындардың соңғы тұяғының бірі есептелетін Жөкей Шаңғытбайұлының туындылары қазақ әдебиеті тарихынан өзіне лайықты орнын алатынына еш күмән жоқ. Сондықтан оның дастандарын жинатып, алғаш рет кітап етіп бастырып шығару мәртебесіне ие болғанымызды елеулі оқиға деп есептейміз.

Ғалымжан Нұрышев
Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық
институтының ректоры

Жөкей Шаңғытбайұлы

“Ақтобе — ежелгі жыр мен күйдің мекені”, — дейді академик Рахманқұл Бердібай. “Қазақта 400-ге тарта батырлар жыры бар, соның дені осы аймақта туған”, — дейді профессор Тұрсынбек Көкішев. Бұл білімпаздар ғылыми негіздемелерге сүйене отырып, Ақтобе өңірін эпикалық ауданға жатқызады. Эпикалық жырларды тудырушылар ғана емес, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізген арқалы жыршылар да мұнда мол ұшырасқан. Мысалы, Н. Байғанин әрі эпик ақын, әрі жыршылық дәстүрді сақтаушы болған. Нұрпейісті өз үйінде әлденеше рет қонақ қылып, жыршылық өнерін тексерген Әбділда Тәжібаев: “Біз әдетте “Қырымның қырық батырын” Мұрын жырау айтты дейміз. Ол рас, бірақ бұл батырларды Нұрпейістің де бір кезде айтқанын ұмытпауымыз керек”, — деп куәлік береді. Осылайша эпостардың ұрпақтан ұрпаққа жетуі өз кезегінде эпикалық жаңа жырлардың тууына себепші болған. Ақтобе жеріндегі есте жоқ ескі заманнан атадан балаға жалғасқан ол дәстүрдің Совет дәуіріндегі көрнекті өкілдерінің бірі Жөкей Шаңғытбайұлы еді.

Жөкей 1901 жылы Ақтобе облысы, Ырғыз ауданы, Ұзынқол ауылында дүниеге келеді. Бала кезінен осы аймақтағы жырланған эпостарды жатқа айтуға дағдыланады. Кейіннен өзі де жанынан дастандар шығарады, олары: “Кенсхан”, “Елемес-Аман”, “Құл мен қыз” т.б. Жөкей шығармаларын туысы Жәкібай Сағынбайұлы жатқа айтып, ел ішіне таратады. Жыршылық өнер қазір кейбіреулер айтып жүргендей оңай шаруа емес. Эпикалық жырларды жатқа білу — қиын іс, ал оны айтқанда ел-жұртты ауызға қаратып ұйыту — одан да қиын. Жыршылықтың әуезді дауыс, саз аспабында (қобыз, домбыра) шебер ойнаудан өзге де толып жатқан кілттипандары бар. Әр аймақтың өзіндік жыр айту маңығы дейтін тағы бар.

Өкінішке орай, Жәкібай, Садуақас, Құдабайлардан соң, Ақтобе өңірінде бұл үздік өнер үлгісі мүлдем мүсәпір күйге түсті. Мұрағаттардан шаң басқан, күзелген, “түзелген”, жүдеген эпикалық жырларымызды табуға болатын шығар, бірақ аймақтағы жыршылық үлгісін қайыра табу қиын шаруаға айналарына күмән жоқ. Отарлық езгі кезінде Ақтобе облысын

ұзақ уақыт басқарған өзге ұлт өкілдері жыршылық өнерімізді, аталған саңылақ өнерпаздарымызды кейін серіпті. Тәуелсіздік алғалы да нешеме жыл, әйткенмен, отаршылдар қалыптаған сол “дәстүр” әлі де өзінің берік ұстынын бұзбай, “өмір-шендігі” нақты іс жүзінде көрсетуде. Бұл орайда өзінің жыршылық дәстүрін сақтап отырған, оны жас ұрпақты тәрбиелеуде кеңінен қолдана бастаған Сыр бойынан өнеге алған жөн дер едік...

Жөкей шығармаларын насихаттаған Жәкібай Сағынбайұлының жыршылық шеберлігін баяндасак, ұзақ әңгіме. Сондықтан аттамалап, оның шәкірті Сәдуақас жыршыға түсейік. Сәдуақас Құлжабайұлы немере ағасы Жөкейдің кнсса-дастандары, шежірелерін Жәкібайдан үйреніп, одан әрі жалғастырады. Жөкей мұраларын жинақтап, баспаға беріп, жарыққа шығарамын деп көп арпалысады. Советтік дәуірде ол мұратына жете алмай 80-жылдары дүниеден озады. Жиған-тергені талапайға түсіп, көрінгеннің қолтығында кетеді.

Баршаға аян, жыршылар әлдебір дастанды бірден жырлай жөнелмейді, әуелі “желі” тартып аңдысын аңдайды, тыңдаушыларын психологиялық жағынан дайындап, бар ықылас-бейілдерін өзіне аударып алады. Сөйтіп көптің көңілі құлаған дастанға ғана түседі. Бұл туралы академик Рахманқұл Бердібай: “Жыршылар жиналған жұртшылыққа ең алдымен өзінің репертуар құрамын таныстырып, солардың көпшілік таңдаған біреуін ғана “дауысқа салып”, белгілі бір шығармаға ғана жіп тағатын болған. Соған кейін жырдың қысқаша мән-жайы, бұрын мұны кім айтқаны қысқаша баяндалады”, —деп жазады. Оның өзін бастан-аяқ сүргіте бермейді, арасына адам сезімін, ақыл-ойын, “жадылап” алатын парапсихологиялық амалдар қолданады. Жөкей туындыларын жырлаған Сәдуақас “желілерінің” бірін қарайық:

...Жауһар гүлдей бак ішінде ашылған,
Сөз сұлуы қалмай жерде шашылған.
Жаксы-жаман бұл дүниенің шырынын
Көзім көріп, денем сезді жасымнан.
Түйеге алған боз жорға аттай бұлғақтап,
Өтер дүние, кетер бір күн басыңнан.
Мынау заман жастарымның күні еді,
Домбыра алып, әртүрлі әнді қашырған.
Бұл дүниеден Ғали арыстан шер де өтті,
Дүлдүл мініп, зұлфықарын асынған.
Өткендерден талай ғибрат аларсың,
Коз жіберсең арттағы өткен ғасырдан.
Талай шешен, батыр, мырза ол да өтті,

Бір-бірінен күш-қайратын асырған.
Ойлап көрсен, жаратылыс заңдарын,
Өлмей, тозбай қалған бар ма асылдан?...

Бажайлай қарасаңыз, өмірдің тұрақсыз өткіншілігі туралы пәлсапа қозғайтын мұндай жыр жолдары тыңдаушысының санасын өзге дүниеауи нәрседен тазартып, ықылас-бейілдерін бірте-бірте өзіне аударта бастайды. Сөзімен ғана емес, өсем даусымен, аспапта ойнау ерекшелігімен, сан алуан мақам қолдануымен, жыр айту үстіндегі қимыл-қозғалысымен, ішкі сезімін көрсетер мың құбылған кескін-келбетімен шаршы топты тегіс арбап өзіне қаратып алған соң тақырып тандау, оның ішінде нақтылы бір дастанды қалап алу жағын сөз қылады:

...Жырлардың жаңа, тыңы бар,
Мұндай жырдың мыңы бар,
Жалған емес, тыңдаушым,
Кіршіксіз таза шыны бар.
Қиыншылық жылдарда
Отыз ай жатып ауырған
Жөкейдің зарлы мұңы бар.
Дүниеден кетті, шайырым,
Сөзімнің қандай міні бар.
Өзі өлсе де артында
Жеткізетін халқына
Мұрагері, тілі бар.
Айта берсем таусылмас:
“Дәме сұлу”, “Айша қыз”,
“Кілем жайған”, “Шет Ырғыз”,
“Оркабай алып”, “Жанқожа”
Жырлардан бастап толғайын,
Алтындай асыл сыры бар.
Қаласаңыз, жарандар,
Қызықтың менде бәрі бар.
Ал, тыңдасаң, Жөкейдің
“Опасыз” атты жыры бар,
“Көк тазы” деп те атайды,
Аузында сарттың қаны бар.
Егесін жаудан құтқарған
Адамнан зият жануар...
...Қаласаңыз, Жөкейдің
Ер Талайлы, Әйімдей
Махаббат үшін жан кешкен
Атақты “Құл мен қызы” бар...

...Сөйлесем қалай болады,
Жөкейдің бұл да сөзі еді,
“Елемес пен Аманды”.
...Күлдіргілі сөз айтсам,
Көңілді қайда қоясың?
Айтсам ба деп ұсынам,
-Жөкейдің “Ой-қыр қожасын”.
...Төбемді көкке теңейін,
Айтсам кетем термелеп,
“Айтысын бай мен кедейдің”.

Сәдуақас желісін зерделей отырып, Жөкейдің “Кене хан”, “Елемес-Аман”, “Құл мен қыздан” басқа “Дәме сұлу”, “Айша қыз”, “Кілем жайған”, “Щет Ырғыз”, “Орқабай алып”, “Жанқожа батыр”, “Опасыз жар”, “Ой қожа мен қыр қожа” дейтін дастандары бар екенінен мәлімет аламыз. Бұлар Совет үкіметі тұсында ашық айтуға болатындары. Ал айтуға тиым салынғандары айсбергтің су астындағы бөлігіндей тым көп болса керек. Оларына салауат, осы барын, белгілісін игеріп алсақ та қисапсыз олжаның астында қалар ек.

Жөкейдің “Құл мен қызы” — Совет тұсында бағы жанып, баспа бетін көріп, кітапқа түскен бірден-бір дастаны. Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет институты 1964 жылы шығарған “Батырлар жырының” үшінші томындағы 53 бетті (472-524 беттер) қамтитын, 1395 жолдық ұзақ жыр 35 100 данамен Қазақстан шегінде тегіс таралған. Редакциясын басқарғандар Мәлік Ғабдуллин мен Мұхамеджан Қаратаев. Кітап аннотациясында: “Құбықұл”, “Құл мен қыз”, “Айдос батыр” жырларымен де оқушы жұртшылық осы кітап арқылы бірінші рет таныс болмақ”, — деп атап көрсетіледі. Кітап кіріспесін жазған профессор Мәлік Ғабдуллин: “...Бұл міндетті орындауға кіріскен институт “Батырлар жырының” осымен үшінші томын баспадан шығарып отыр. Әрине, батырлар жырының ең таңдаулы үлгілерін баспа жүзіне шығару ісі мұнымен аяқталып қоймайды”, — дейді.

Аңдасаңыз, Жөкейдің “Құл мен қызын” ең таңдаулы жырлардың қатарына қосып отыр. Әйгілі ғалым мұнымен ғана шектелмейді, бұл туындыға кеңірек тоқталып: “Оқушы жұртшылыққа ұсынылып осы томға енген жырдың келесі біреуі—“Құл мен қыз” жырының екі варианты бар. Бірі— халық ақыны Жөкей Шаңғытбаевтан, екіншісі—Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданындағы Науқанов Бақтыгерейден жазылып алынған. Бұл кітапқа кіріп отырған Жөкей Шаңғытбаевтың (Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Сұлуқопа

советі, Жаңа ауыл колхозының тұрғыны) варианты. Өйткені Бактыгерей вариантынан гөрі Жөкей варианты—көркемдігі жағынан болсын, оқиға баяндауы жағынан болсын жинақы, сұлу. “Құл мен қыз” жыры бұрын еш жерде басылмаған. Қалың оқушы жұртшылыққа бірінші рет ұсынылып отыр”, — деп ақ-қарасын анықтап ашады.

Жырда Балпан байдың қызы Әйім мен құлы Талайлы арасындағы махаббат хикаясы баяндалады. Бірде ұлан-асыр той өткізіп, біздің Қыз Жібек сияқты Әйім сұлу да жардан жар таңдайды. Сол тойда Талайлы бас палуан атанып, аты бәйгеден келеді. Жамбыны атын түсіреді. Әйім Талайлыға ғашық болып қалады, бірақ “құлға” қосылуға рұқсат жоқ. Содан екеуі қашады. Қуғыншылар сондарынан жетіп жігітті өлтіреді. Ілгері кеткен қыз мұны білген соң өзін-өзі суға тастап, мерт болады.

Ақтөбе облысының территориясында “Құл”, “Қыз” аталатын жерлер бар. Жер атауына байланысты ескі аңыз бар. Ақын сол аңызды дастанына арқау еткен. Дастан жайын жетік білетін профессор Әуелбек Қоңыратбаев та: “ХІХ ғасырдың соңына қарай туып, ел аузында сақталып келген жырлардың бірі—“Құл мен қыз”. Оның оқиғасы “Мақпал қыз” сюжетіне ұқсас. Жырдың екі түрлі нұсқасы бар: бірі—халық ақыны Жөкей Шаңғытбаевтан, екіншісі Бактыгерей Науқанұлынан жазылып алынған. Бұл екеуі де Ырғыз ауданының ақындары. Жөкей нұсқасын Ырғыз ауданы Ұзынкөл ауылсоветіне қарасты орта мектеп мұғалімі Бітірбаев жазып алып, Қазақ ССР Ғылым академиясына жіберген. Бұл нұсқа көркем, әрі қызықты”-дейді. Оны талдаған ғұлама ғалым: “Жыр “Құл мен қыз” аталса да, оқиға ертедегі құлдық қоғам өмірінен емес, қазақ халқының берідегі тіршіліктің тынысынан хабар береді. Мұнда қазақ өмірінің сан алуан ерекшеліктері, шындығы мен болмыс бітімі молынан камтылған. Жыр сонысымен де құнды. Сол себепті “Құл мен қыз” сюжеті “Мақпал қыз”, “Сұлушаш”, “Құралай сұлулармен” тұрғылас трагедиялық махаббат жырының көркем бір үлгісі болмақ”, —деген тұжырым жасайды.

Жөкей туындылары қанша “тігісін жатқызғанымен” Совет үкіметіне жақпады. Тек ынғайын тауып, орайын келтіріп профессор Мәлік Ғабдуллин ғана “жырда әйел теңсіздігі әңгіме болған, революциядан бұрынғы таптық жағдай көрсетілген” деген сияқты нәрселерді алға ұстап, өзі құрастырып отырған кітапқа салып жіберген. Болмаса мұнда Балпан байдың адамгершілік жағы да (өңкей “қара” емес), ас та төк той жайы да, бәйге, палуан, жамбы сияқты сайыс ерекшеліктері де, үй тіктіру, ас беру реті де, яғни, қазақ ғұрпы

мен этнографиясындағы озық жақтар кең қамтылған. Ұлы Октябрь революциясынан бұрын да қазақтың қайыршы, азып-тозған халық болмағаны айқын көрініс тапқан.

Жөкей Шаңғытбайұлы жаз Ырғызды жайлап, қыс Сыр бойын қыстап жүрген көшпендінің отбасында дүниеге келген. Сондықтан оны “тап мына жерде туды” деп кесіп-пішін айту қиын. Арабша оқып сауат ашады. Кейін ұзақ уақыт колхоз, совхозда ветеринарлық қызмет атқарады.

Қазақ шежіресі бойынша Жөкей Кіші жүздегі Шөмекей руынан. Шөмекейден төрт бала — Аспан, Бозғыл, Тоқа, Көнек. Осының Көнегі. Көнектен — Бегісай, одан — Құлшық, одан — Ая мен Сая. Аядан — Бабан, Батай (Байназар), Бодене. Бабаннан 18 бала. Соның бірі — Есіркеп. Есіркептен — Бітірбай, Бітірбайдан — Шаңғытбай, Құлжабай және Телеу деген үш бала. Шаңғытбайдан — Жөкей мен Көкібай туған. Жоғарыда айтқанымыздай Садуақас — Құлжабайдың ұлы. Садуақастың өзі әжептәуір ақын. Бізге белгілісі классик жазушымыз І. Есенберлиннің бір шығармасының сюжетіне құрылған “Махаббат толқыны” атты, көлемі 20 баспа табақ шамасындағы, дастаны ғана. Осы жерде тағыда бір айта кетер нәрсе, ғұлама Ә. Қоңыратбаев айтып отырған Бітірбаевтің кім екенін де шамалауға болады.

Эпик ақын “Опасыз жар” атты дастанын “Қожағұл — ақсақал ел көрі күлак, бір күні әңгімеге кандым сұрап” деп бастайды, яғни, сюжетті Қожағұлдан алғанын айтады. 1937 жылы туған Сәкенай Бимағамбетұлының айтуынша, Қожағұл — Бимағамбеттің әкесі. Асанбайұлы Қожағұл 1945 жылы өмірден өткен. Бабан көнектер “Сарыкемпір”, “Қаракемпір” деп екі аталыққа бөлінеді. Жөкей Сарыкемпірі де, Сәкенай мен жыршы Жөкібай — Қаракемпірі.

Шөмекейлер ортасында әншілік, жыршылық дәстүр кең өркен жайған. Мысалы, Қарақалпақтың әйгілі ақыны Әжінияз Қосыбайұлымен айтысқан, қазақтың 16 ақынымен жұмбақ айтысқа түскен Ырысты—Шөмекей ішінде Аспан. Атақты Дүр-Оңғар — Бозғыл, Базар жырау да—Бозғыл, оның ішінде Балқысы. Қаңлы Жүсіппен айтысатын Төлеген де, Шораяқтың Омарымен айтысатын Нұрмақан да осы Шөмекей руынан. Баспан, Жұрбай [Жырбай, Шерубай] сияқты жыр жүйріктері де Шөмекейден шыққан. Қадым заманнан тартып үзілмей келе жатқан дәстүрлі мектеп Совет тұсында талқандалған. Ол- ол ма, Сырдағы Шөмекей мен Ырғыздағысы бір-біріне жат болып кеткен. Сол ескі жыр мектебінің соңғы өкілдерінің бірі—Жөкей Шаңғытбайұлы. Жөкей—эпик ақын. Батыс Қазақстандағы эпикалық дәстүрді жалғастырушы. Дастандарын жазып шығарған. Қазіргі мәлім болып

отырғандарының саны он екі- он үш. Біз бұл жинаққа ақынның қолымызға тиген жеті дастанын ғана енгізіп отырмыз. Жөкей кешегі Совет тұсында айтысқа да түскен. Айтыстар сол кездегі аудандық, облыстық газеттерде жарияланған. Ол айтыстардың көркемдік дәрежесінің төмендігі, Жөкейді аудан басшыларының күштеп қатыстырғандығын аңғартады. Сондықтан айтыстарын бұл жинаққа енгізбей отырмыз. Дастандарына ескі аңыз, әпсаналарды арқау етеді. Ел жадында сақталып, өлмей, өшпей келе жатқан халық әдебиеті нұсқаларына құрылғандықтан, оның дастандары да өлмес туындыға айналған. Жөкей эпикалық шығарманың қыры мен сырын қанына сіңіре игерген, ақындық дарыны өте жоғары адам. Мысалға, “Айша қыз” дастанын қарастырайық. Әйелі өлген, жасы алпыстан асқан ақылды хан қайта үйленбек боп қыз тандайды. Бір ауылға жақындағанда өткінші жаңбыр жауады. Отынға тезек тереміз деп жүріп жауын астында қалған үш қызға кездеседі. Біреуі үстіндегі шапанын шешіп, қап үстіне жауып тұр екен, тезек су болмасын деп. Хан қыздың ақылдылығын байқайды. Бұл сюжет атақты Жиренше шешен мен Қарашаш сұлудың алғашқы кездесуін баян ететін аңыз әңгімеден алынғаны байқалады. Хан қыздың ауылына келген соң: “Дүниедегі ең тәттіні, ең қаттыны, ең ауыр мен ең жеңілді айтқан адамға үлкен сый беремін” деп жарлық шашады. Еш пенде шеше алмаған соң, қыз шешеді. Бұл да ел аузында бар сюжет. Хан ордасына оралған соң қызға құда түсуге уәзірлерін жібереді. Қыз қалың малына мынадай заттар беруін сұрайды:

“Қалыңым—жиырма бойдақ бойлаған бой,
Одан соң отыз кошқар, қырық құнан қой,
Осыны ойдағыдай тауып бермей,
Сәлем айт ханыңызға болмайды той.
Және елу егеу берсін — бәрі қырлы,
Алпыс қыл арқан берсін — бәрі ақ түрлі.
Жетпіс құр нокта берсін сағағымен,
Болмасын нәзік нашар бір де бірі.
Тағы да берсін сайлай сексен шідер,
Таппаса оны ханың үзсін күдер,
Аяғы тоқсан торғай, жүз жұмыртқа,
Ханыңыз ауыр-жеңілін өзі-ақ білер”.

Мұны естіген хан жұмбақты сөздің астарын ұғып, қатты қапаланады, ойға қалады. Әрі қарай оқығанда халық әдебиеті оқиғаларын жұлге еткен дастан тыңдаушысын өзіне қызықтырып, тереңіне тарта береді. Жөкей өз дастанының ел арасында жыршы арқылы ауызша тарайтынын, бір емес,

бірнеше әуенмен айтылу қажеттігін ескеріп, соған ыңғайлап буын, бунақ санын өзгертіп құбылта жазады. Көркемдік бояуы сан түрлендіреді. Мәселен, Айша қыздың көңілденіп қуанған сәтін:

Ақ Айша қайтты қуанып,
Жабыккан көңілі жадырап,
Жас баладай уанып,
Толықсып айдай нұр жүзі,
Тоты құстай сыланып,
Алды-артына қаранып,
Аққудай бойын таранып,
Сәулеттеніп сәнденді
Өңкей жібек оранып.
Күйгелек көзі күлімдеп,
Таспадай белі бұралып,
Алмадай жүзі албырап,
Жібектей шашы оралып,
Алтайыдай бұландап,
Арғымақ аттай сыландап,
Опа, далап жағынып,
Ақ маңдайы жылтырап,
Жұпардай исі бұрқырап,
Алтын алқа жарқылдап,
Танадай көзі жалтылдап,
Буындары былқылдап,
Маржандай тісі жылтылдап,—

деп суреттеуін оқығанда атақты “Қыз Жібек” жыры еске түседі. Акынның бұл жолдары “Қыз Жібектегі” ең тәуір жолдармен пара-пар, әрі жалқы емес, дастанның әр тұсында атой салып, тыңдаушысының делебесін қоздырып отырады.

Жөкей көшпенділік дәуірді өз көзімен көргендіктен, үнемі ат үстінде жүріп, туған жерінің ой-шұқырын, сұлу табиғатын бес саусағындай білетіндіктен, жан-тәнімен сезінгендіктен табиғат құбылысын суреттеуге келгенде де іркілмей көсіледі. Сөзіміз құрғақ болмас үшін мысал келтірейік:

Бір уақыттар болғанда,
Болжалды мезгіл толғанда,
Түрілді түннің пердесі,
Көрініп әлем көңілді,
Сәулеленіп алтын таң,
Жаһанға нұры себілді.
Ескектеп салқын самал жел,

Бүлт іргесі соғілді,
Гүл, жапырактар мөлтілдей
Шыққа белден көмілді.
Күн күлімдей көрінсе,
Жұлдыздар көкпен серілді,
Шырылдай ұшты бозгорғай,
Құттықтай шаттық өмірді,
Гүлбакшадан бұлбұлдың
Қүйкылжи үні төгілді,
Қаңқылдаса қаз бен қу
Өзге құс шулай өнірде,
Көлді ын-жың ғып көшірген,
Шағала, қызғыш көгінде.
Күн көтеріліп бір кезде,
Дымқылы жердің кебінді,
Мұнарадай созылған
Көлеңкелер де шегінді...

Татаусыз төгілген жыр, өзгеше өрім, мінсіз сурет тыңдаушысын тұңғығына біржолата тартып алып кетеді. Бұған Ырғыз оңірінде сол тұста өмір сүрген Жәкібай, Садуақас сияқты әйгілі жыршылардың күйкылжыған даусы мен мың құбылған сикырлы сазы қосылса эстетикалық әсері қандай боларын болжап айтудың өзі қиын.

Ақынның Орқабай алыпқа қатысты ұзақ дастаны алты тармақтан тұрады. Олары “Орқабай алып”, “Жұтаған ел жұмылады диханға”, “Шоңбас”, “Қара кетпен”, “Дөң арық” және “Ақ нар”. Бұл тармақтардың сюжеті әр бөлек болғандықтан бөлек-бөлек поэмалар түрінде де қарастыруға келеді. Сірә, ақын әрқайсысын әр кезеңде жазса керек. “Қара кетпендегі” басты кейіпкер—Орқабай. Оқиға басты кейіпкер төңірегінде өтіп жатады. Ал “Шоңбастың” оқиғасы өзгешелеу, әңгіме туысы, тұрпаты бөлек тұлпар аттың төңірегінде. Шың мәнісінде өмірде болған, көрген адам таңырқарлық тұлпардың кескін-кейпі төмендегідей:

Бір ат бар Шомекейде аты Шоңбас,
Тұлғасын көрмеген жан айтса нанбас.
Болыпты басы ғана алты қарыс,
Жылқының алыбы еді керік заңдас.
... Тұрса да жүз жылқының ортасында,
Алыстан көз тез түсед тұлғасына,
Жылқыдан жанындағы бір кез биік,
Өркеш жоқ түйе деуге арқасында.

Әйтседе, мұнда да Орқабай алып басты кейіпкердің бірі

болғандықтан бұл тармақты да “Орқабай алып” деп аталатын дастанға енгіздік. Орқабай өмірде болған адам. Аттың алыбы—Шоңбас болса, адамның алыбы—Орқабай. Орқабайдың бейнесі Жөкей жырында былай таңбаланған:

Орқабай сол ауылдан шыққан алып,
Дегенді нелер мықты жыққан алып,
Егессе елу батпан жүк көтеріп,
Талайды діңкелетіп күртқан алып.

Орқанның пішіні алып, піл секілді,
Екпіні тасқан дария Ніл секілді,
Алып ер ашу қысып ақырғанда
Дауысы күркіреген күн секілді.

Эпик ақынның “Екі қожасы” да ел аузындағы ескі әңгімеге құрылған. Юморы басым, тез оқылады. Өнегелік мәні бар. “Елемес—Аман” дастанының сюжетіне шөмекейлер ортасындағы алып қашты ауызша әңгіме негізге алынған. Дастан о дегеннен-ақ қазақ халқы бұрын надан болды, жаман болды, өзді-өзді қырқысты, Ұлы Октябрь революциясының арқасында ғана көгеріп, көктеді, деген идеяны басшылыққа алып, советтік идеология тұрғысында жазылған. Жырдың басындағы:

Мәдени білім кем болған,
Ауыздары ала боп,
Сырт дұшпанға жем болған.
Өзді-өзі жау болып,
Күй-тұрмысы күйзеліп,
Шаруасы өте шайқалған,—

деген жолдар шығарманың өне бойына негізгі арқау болып өрілген идеяны аңдатып тұрады.

Дастанның тарихи негізінде жаңсақ кеткен тұстар көп, себебі арғы-бергі шежіреде бірге туған Әлім мен Шөмен балалары ресми түрде қанды соғысқа түсіпті деген дерек жоқ. Рас, азды-көпті дау-дамай, барымта-сырымта өткен. Қатеден адам өлген кездер де кездескен. Құн да төлесе керек. Бірақ екі жақ тік көтеріліп бір-бірімен соғысыпты дегенді ескі шежірені жүз төңкеріп, мың қарасаңыз да таба алмайсыз. Бұл дастанда аталғандай атақты Көтібар батырдың өлімі де Шөмекейден келмеген. Архив деректері Көтібардың жалғыз-жарым жүргенде Жағалбайлылар қолынан олгенін айғақтайды. 12 қазан 1833 жылы Көтібар батырдың өліміне байланысты

Жағалбайлыларға карсы аттанған 3800 адамның ішінде шөмекейлер де көп. Соның бір парасы Бақыршы Темірұлы бастаған шөмекейлер. (КазЦГА Ф. 4. оп.1д.4826. лист 2, Ғ4358). Жағалбайлылармен де кантөгіс, соғыс болмайды, қыр көрсету, батырдың соңында іздеушілері бар екенін білдіру, малын қуып кету, барымта-сырымта жасау сияқты іс-шаралармен аяқталады.

Ақын советтік саясат ықпалына түсіп, азғантай шөмекей баласын екіге жарады, бозғылдар мен аспандықтарды жаманға жатқызады. Тоқа мен көнек тәуір дейді. Аналар қорқақ, бұл батыр. Отарлаушыларға керегі осындай жік. Алауыздық. “Елемес-Амаңды” ақын кейінірек шығарған, ауруы мендеген тұста. Отыз жыл ауырған Жөкей “Елемес-Амаңды” күнкоріс қамына ыңғайлауы да мүмкін. “Елемес-Аман” соңғы шығармалары екені де сезіліп тұр. Дастанның басында-ақ:

“Бұлай бол” деп ол кезде,
Ешкім жоқ үлгі айта алған.
Жауыздық өршіп сондықтан,
Жақын ағайын жау болған.
Біреуді-біреу олжалап,
Ел іші ұлы дау болған.
Дау аяғы ұлғайып,
Бірінің малын бірі ұрлап,
Қуа қашу салт болған,

немесе:

Үлкені Тока, Көнек-ті,
Туысы аса бөлек-ті.
Аспан мен Бозғыл кенжесі,
Бас аманшыл өзгеше.
Бір туса да бұлармен
Табиғасы бөлек-ті.
.....
Бере алмаған көмекті,—

деген жолдар ұшырасады.

Дастанда оқырманға сенімсіз көрінер тұстар әлденеше жерде ұшырасады. Соның бірінде ақын Аманның сүйегін төрт нар көтере алмаған дейді. Мұндай эпизод ертегі мен көне эпостық жырларға жарасқанымен, күні кешегі туған “Елемес—Аман” дастанына онша лайықты емес. Оқып отырған адамға жағымсыздау әсер етеді. Көркем шығарма болған соң

көркемдеудің әдістері қолданылады, әйтсе де шектен шығып кету көп абырой әкелмейді. Бұл айтылғандарға қарамастан, “Елемес—Аман” дастаны Жөкейдің кең құлашын, жыр жампозы екенін танытатын туындыларының бірі. Ақынның шеберлігін көрсететін еңбегі.

“Дәме сұлу” дастаны да отарлық езгі, құлдық бұғау кезіндегі саясат ыңғайына орайластырылған. Әйтсе де, ақынның ой-қиялының жүйріктігі, оқиғасының сенімділігі, көркемдегіш шеберлігі бұл дастаннан айқын көрінеді. Көлемінің үлкендігіне қарамастан оқырманын жалықтырмайды, шым-шымдап тереңіне тарта береді.

Жөкей дастандары қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген соң ғана жарияға шығып отыр.

*Жұбаназар АСАНОВ,
Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық
институтының доценті*

ОРҚАБАЙ АЛЫП

I. ОРҚАБАЙ

Әсем ән—жан азығы, тіл—өнері,
Келсе сай қисынымен сөз бедері,
Нақышы шеберлердің кестесіндей,
Ақындар сөз ұстасы, сөз зергері.

Сөз сирек ондай көркем өмірге сай,
Қыжылды тілден шыққан қисынға бай,
Нұр жауар талапты ерге деген нақыл,
Жігітке талап артық жатқанша жай.

Алтындай аса құнды болмағанмен,
Орны бар қоланың да өзіне орай,
Жылтырақ тесік моншақ жерде қалмас,
Еңбегін тізсем жырға ер Орқабай.

Орқабай ертеде өткен алып адам,
Артпаған кара күшке ешкім одан.
Ырғыздың Қүти деген жерінде өсіп,
Талайлар қайратына таңырқаған.

Дәлме-дәл айтпағанмен уақытын нақ,
Шамасы қаласы Ырғыз салынған шақ,
Сол жерде Көнек деген елден шыққан,
Ұру бар Бәйбіше мен деген Қалмақ.

Орқабай сол ауылдан шыққан алып,
Дегенді нелер мықты жыққан алып,
Егессе елу батпан жүк көтеріп,
Талайды дінкелетіп құртқан алып.

Бұл елдің қыс-қыстауы Қүтисоркөл,
Көктемде құяды арна, тасқындап сел,
Беті—құс, қойны—балық, төңірегі мол,
Қалың ну, қамыс, қоға, етегі ел.

Қолайлы шаруаға ол сондай жер,
Көрмеген кетіп зая еңбек пен тер,
Ұшырап “Жалпақ қоян” деген жұтқа,
Айырылып малдан қапты осы елдер.

Шак шығад жүдеп-жадап жұтаған ел,
Атқарып ауыр қысты асқандай бел,
Қарық қылып қар кеткесін өлке бойын,
Шалқиды көктемде су, тасқындап сел.

Малының бірлі- жарым жұттан қалған,
Ағымен жүрек жалғайд шаршап талған.
Қам етіп тіршіліктің талабына,
Еңбекпен ел еңменіп егін салған.

Бойында қос арнаның қырық үй жатақ,
Кетпендеп егін салад, шөбін отап,
Дайындап арық, өуіт, атыз, жабын,
Шығарып атпамен су жарқылдатад.

Иесі деп алып күштің алған атақ,
Орқабай ішінде сол қырық үй жатақ,
Екпіні тау да болса аударғандай,
Күшімен жүрген жерін таңырқатад.

Орқабай ақ көкірек бір жақсы адам,
Көрмеген қиянатқа басып қадам.
Қоғамшыл— ағайынға, көрші, сыбай,
Ешкімнен еңбек күшін аямаған.

Болары қандай күйде әркімге аян,
Жұт жаншып, жүдеген ел соғып қоян.
Ортада ошақ етер көлік те жоқ,
Қырық үйлі қырқай жаяу қара табан.

Қаланың ол кезде аты Жармола-ды,
Ырғыз— өзен аты еді кең салалы,
Жармола қала салған жердің аты,
Атапты сол атақпен халық қаланы.

Жалаңаш қос арнаның көл сағасы,
Қос арна, ұлы саруан жол жағасы.
Басына Ақсырықтың шыға келсем,
Көрініп Жармоланың тұр қаласы.

Деседі “Ақсырық ата” ол кезде атын,
Бұл күнде ел қорымды дейт Көкқатын.
Бір көш жер қала менен екі арасы,
Көрініп тұрса дағы боп жап-жақын.

Сол жерде кырық үй жатақ ауылы бар,
Тары, арпа, еккен қарбыз, қауыны бар.
Түліктің бөтен түрлі тұқымы кем,
Біреп қой, үй басына сауыны бар.

Жұт жаншып жүдеп әбден қалған халық,
Отырад ауқат етіп аулап балық.
Қамы үшін келешекте тіршіліктің,
Еңбек қып, кәсіп етед, егін салып.

Қырық үйдің қабын, пұлын жиып алып,
Қайтуға арқалап ап, азық салып.
Бет алып Орқан бір күн қала жаққа,
Ертемен кетіп барад, жаяу салып.

Орқабай алып адам қуаты мол,
Алдында тау тұрса да тайсалмайд ол.
Кеткенін Орқабайдың білгендей-ақ,
Ауылға келді аттанып бір бөлек қол.

Асынған қару-жарақ бір топ атты,
Тал-түсте жатақтың кеп аулын шапты.
Сорлылар күн ілгері күтінбеген,
Сайланып келген жауды жеңе алмапты.

Сайланып келген өңшең жау қырық атты,
Ауылды Орқан жоқта ойрандапты.
Қырық үйлі жатақтарды тас-талқан қып,
Сыпырып барын айдап кетіп қапты.

Жорықшы жолы суық, арам ниетті,
Бей мезгіл, бейқұт елді шауып кетті.
Арқалап алты қапты маң-маң басып,
Түс ауа Орқабай да келіп жетті.

Ауылдың бар адамы қалмай дулап,
Алдынан Орқабайдың шықты шулап:
“Ауылды өзін жоқта жау кеп шауып,
Айырылып барлық малдан қалдық қурап”.

Орқабай депті көпке: “Сабыр сақта,
Жөнін айт, кетті дұшпан қайсы жаққа?
Тез пісір, быламыққа бір тояйын,
Сонан соң шығармын деп мал қумаққа”.

Тездетіп ішіп алып быламықты,
Қолына бір келдекті алды мықты.
Ізімен жорықшының жалғыз жаяу,
Ер Орқан қуғыншы боп жолға шықты.

Жанына ешкімді ертпей, жалғыз тартты,
Тұлғасы таудай болған таңырқатты.
Адымы аршындаған өте жойқын,
Адам түгіл ерітпейд жортқан атты.

Орқанның пішіні алып піл секілді,
Екпіні тасқын дария Ніл секілді.
Алып ер ашу қысып ақырғанда,
Дауысы күркіреген күн секілді.

Кең жауырын, кеудесі алып, нар секілді,
Жотасы кесе жатқан жал секілді.
Қарасаң қарсы алдынан бет-әлпіне,
Қабағы қарсы беткей жар секілді.

Жүп-жуан бөренедей аяқ-қолы,
Қазылып қалады ор боп жүрген жолы.
Тастайды тау да болса бір аударып,
Бәрібір кезі келсе оңы, солы.

Емпендеп екі етекте түріп алып,
Ізімен кеткен жаудың келед салып.
Жүрісі жүрген сайын үдей түсед,
Білмейді жалығуды шаршап-талып.

Дірілдеп жүрген сайын шабыттанып,
Кек кернеп, ашу қысып келеді алып.
Бір кезде кереге жақ бауырында,
Ұмтылды жау қарасын көзі шалып.

Басына бір бұлақтың жау да қонып,
Азыққа бірер қойды жатқан сойып.
Еңкейіп күн батуға таянғанда,
Қабақтан құлады Орқан таудай болып.

Бөлісіп жатқан кезде сойған етті,
Дүрілдеп Орқабай да келіп жетті.
Тұлғасын шоқалақтай көрген кезде,
Жорықшы қырық жігіттен зәре кетті.

Ашумен ақырғанда алып кекті,
Тау түгүл тітіретті жер мен көкті.
Ер Орқан бір шетімен айқасқанда,
Ақ таяқ үсті-үстіне сарт-сұрт етті.

Астынан ақ таяқтың ойбай шықты,
Талайын қансыратып ұрып жықты.
Құтқармай біреуін де жорықшының
Құлынша дөңгелетед қырық жігітті.

Мінгесін ұлы ашуға батыр долы,
Жапырылып жатты бірдей оңы-солы.
Сол кезде міне кеткен боз аттының,
Мөт қапыл құйрығына тиді қолы.

Кеудесін ашу мен кек кернеп кетті,
Боз атты құйрықтан ап дөңгелетті.
Басынан бег жамадай айналдырып,
Үйіріп ат-матымен дүрілдетті.

Тартуға жау сазайын арам ниетті,
Алыпқа Орқабайдай душар кетті.
Шіркінді шіреніп кеп жерге ұрғанда,
Бейне бір қыш кеседей күл боп кетті.

Боз атты осылайша қаза тапты,
Өзгесін түгелімен байлап апты.
Өздерін аттары мен қойға қосып,
Ер Орқан айдап кейін елге қайтты.

Қоса айдап қырық кісіге қой мен атты,
Ер Орқан ертелетіп елге қайтты.
Талмаусып таяққа әлгі жығылғандар,
Жүре алмай бір қатары жолда қапты.

Бір өзі көпті солай састырыпты,
Талайын таяқпенен басқа ұрыпты.
Аттарын қырық үй жатақ пайдаланып,
Қалаға қырық ұрыны тапсырыпты.

Орқанның сөйтіп көпке даңқы шықты,
Болар ма адам алып мұндай мықты.
Талайы орыс, қазақ таңырқапты,
Дегесін алды байлап қырық жігітті.

Адам деп неткен алып, неткен батыр,
Бір басы деген сол да жүзге татыр.
Уезден қаладағы хабарланып,
Естиді Орынборда губернатор.

Әркімдер аңыз қылып осы жайды,
Сыртынан мадақтайды Орқабайды.
Уезге сол кездегі қадірлі адам,
Атақты Айқын, Алмат, Уатай-ды.

Соларды шақыртып уез бір күн,
—Дегенің Орқабай дәу айтшы бұл кім?
Ол сондай озған мықты палуан болса,
Сыналық көріп күшін көзбен еркін.

Остепкі жәрменкеде болады күз,
Сіз сонда Орқабайды әкеліңіз.
Орынборда бір орыс палуан бар,
Күреске соныменен салалық біз.

Ол орыс сондай мықты қайраты асқан,
Бел бұған палуандыққа бала жастан.
Өгізді жеті жасар жас бұзауша,
Құшақтап көтереді қиналмастан.

Сонымен көтеріссін ауыр жүкті,
Орқабай ел айтқандай болса мықты,
Күз келіп губернатор көрмек болған,
Қазақтың палуаны сол жігітті.

Ұмытпай осы айтқаным ойға сақтап,
Палуанды оған дейін жүргін баптап.
Болайық ұлық алдында ұялмайтын,
Қойғанмын губернаторға, — деді, — мақтап.

Уездің тұрды тындап бұлар сөзін,
Ұлықтың күтелік деп келер кезін.
Уатай депті күзгі жәрменкеде
Келейін Орқабайды ертіп өзім.

Күз келіп, бопты бір күн жәрменке де,
Тұс-тұстан жәрменкеге жиылды ел де.
Уатай Орқабайды келеді ертіп,
Уезге берген биылғы уәдеге.

Шығыпты губернатор Орынбордан,
Көруді Орқабайды етіп арман,
Жолдасы жанындағы палуан Иван,
Оның да даңқы күшті жерді жарған.

Келді деп губернатор хабарланды ел,
Шаптырып түс-тұсына шабарманды ел.
Келгенін губернатор палуанымен,
Хабарын естиді солардан ел.

Жиналып Остепкіге келді халық,
Біреу ат, біреу тайын келісті алып.
Қалмады жорға, жүйрік, палуан, мерген,
Қазалы, Ырғыз, Торғай хабарланып.

Алаңға болған кезде жұрт жиналып,
Ұлықтар шықты ортаға, ел қорланып.
Бұйрығын ұлықтардың переводчик
Дауыстап, — Тындаңыздар! — деді, — Ей халық!

Остепкі, бүгінгі той, көңілді ашқан,
Мереке ұлы топтың басын қосқан.
Міне осы мерекенің құрметіне,
Господин губернатор келді алыстан.

Тәртіппен атқарыңыз тойды таза,
Шатақ шығып жүрмесін қашып маза,
Ұлықтың жарлық сөзін орындаңыз,
Әйтпесе көресіздер ауыр жаза.

Әуелі ат шабылад аулақ жерге,
Болады одан кейін жорға сүрме.
Үшінші, палуандардың күрестері,
Орыс пен қазақ шығад бірме-бірге.

Төртінші, алтын қабақ атқызамыз,
Көкбөрі одан кейін тартқызамыз.
Бұйрығы ұлықтардың міне осылар,
Тәртібін таза жүріп орындаңыз.

Сонымен аяқтаймыз мерекені,
Тәртіпке сол таза іс берекелі, —
Деді де орындыққа ол отырды,
Жанына көк пәуеске көлеңкелі.